

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторантты Бакиров Серік Бакирұлының 8D05101 – Биология білім беру бағдарламары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстанның онтүстік – шығыс жағдайларына бейімделген бидайдың қатты қара күйеге (*Tilletia* spp.) төзімді генотиптерін идентификациялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

Р/Н <small>№</small>	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	<p>Диссертант С.Б. Бакировтың «Қазақстанның онтүстік – шығыс жағдайларына бейімделген бидайдың қатты қара күйеге (<i>Tilletia</i> spp.) төзімді генотиптерін идентификациялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Өмір және денсаулық туралы ғылымдарының – ауыл шаруашылығындағы өсімдіктер сорттарының және жануарлар тұқымдарының өнімділігі мен төзімділігін арттыруға арналған инновациялық биологиялық зерттеу» бағытына сәйкес орындалған.</p> <p>Диссертация жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі №432 қаулысы бойынша «Қазақстан Республикасының агронеркесіндік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» сәйкес келеді.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дауының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	<p>Диссертациялық жұмыс 8D051 – Биология және сабактас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) бағыттары бойынша дайындалған. Зерттеу жұмысының «Бидай үлгілерінен <i>Tilletia caries</i> (D.C.) Tul патогеніне төзімді <i>Bt</i>-гендерін идентификациялау» бөлімі «Өсімдіктер биологиясы және биотехнологиясы институтында» 2018–2020 жылдары ҚР БФМ қаржыландыруымен мемлекеттік тіркеу номері AP05131091 «ДНҚ технологиялары арқылы қазақстандық және шетелдік бидай гермоплазмасынан қатты қара күйеге (<i>Tilletia caries</i> (D.C.) Tul.) төзімді <i>Bt</i> – ген тасымалдаушыларын идентификациялау және перспективті бидай линияларын органикалық егіншілікке енгізу» атты ғылыми жоба шеңберінде қатар жүргізілген.</p>

			<p>Қазақстан жағдайында ауруға төзімді және өнімділігі жоғары шетелдік және отандық бидай үлгілерін молекулалық әдістердің көмегімен іріктеген. Алғаш рет Қазақстанда қатты қара күйеге төзімді <i>Bt8</i>, <i>Bt9</i>, <i>Bt10</i>, <i>Bt11</i>, <i>Bt12</i> гендерін молекулалық ПТР талдау негізінде анықтаған. Ауруға төзімді гендердің қорын көбейтуде бұл өте маңызды. Кешенді далалық және зертханалық жұмыстарды жүргізу арқылы қунды нәтижелерге қол жеткізген.</p>
3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өзі жазбаған 	<p>Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері бір-бірімен байланысты. Зерттеу жұмысының нәтижелері диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында нақты әдістерді қолданған соған сай мақсаты айқын. Осы зерттеу бағытындағы шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстарын қарастырган. Нәтижелер бөлімінде маңызды мәліметтерді көрсеткен және статистикалық талдаулар жасаған. Жарияланнымдары зерттеу жұмысының нәтижелеріне сәйкес келеді.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Зерттеу жұмысының нәтижесінде ауруға төзімді деп анықталған сорттар мен төзімділік ген көздері айқындалған үлгілер органикалық ауылшаруашылығында химиялық препараторды қолдануды азайту үшін өзекті болып табылады. Өсімдік шаруашылығында өнімділігі жоғары сондай-ақ ауруға төзімді үлгілерден төзімділік ген көздерін анықтау үшін молекулалық маркерлерді қолданудың маңыздылығы жоғары. Себебі молекулалық маркерлерді қолдану селекция үрдісінде қысқа мерзімде сенімді нәтижелерді алуға мүмкіншілік береді.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындауды. Диссертация жұмысының бөлімдері бір-бірімен байланысты кешенді зерттеулерден тұрады. Алынған нәтижелер мен ұсыныстар тақырыптың маңыздылығын ашады және өзекті екенін көрсетеді.</p>
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толық сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсаты: Алматы облысының <i>Tilletia caries</i> (D.C.) Tul популяциясына төзімді бидай үлгілерін</p>

			<p>анықтау және <i>Bt</i> - төзімділік ген көздерін идентификациялау. Зерттеу жұмысының міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Зертханалық және танаптық жасанды індег аясында бидай үлгілерінің <i>Tilletia caries</i> (D.C.) Tul патогеніне төзімділігін бақылау және сынау; 2. Молекулалық ПТР әдісі негізінде бидай үлгілерінен қатты қара күйеге төзімді ген (<i>Bt8</i>, <i>Bt9</i>, <i>Bt10</i>, <i>Bt11</i>, <i>Bt12</i>) көздерін айқындау; 3. Бидай үлгілерінің онтогенез кезеңдерінде биомасса индекс қорсеткіштерін есептеу; 4. Коллекциядағы ауруға төзімді және төзімсіз бидай үлгілерінің шаруашылық – құнды белгілеріне құрылымдық талдау жүргізу; 5. Зерттеу нәтижесінде қатты қара күйеге (<i>Tilletia caries</i> (D.C.) Tul.) төзімді және өнімділігі жоғары деп іріктелген бидай үлгілерін өндіріске ұсыну. <p>С.Б. Бакировтың зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық түрғыдан өзара толық байланысқан. Әрбір бөлімдердің қорытындылары қойылған міндеттердің шешімін анықтайды және ғылыми нәтижелерді қорсетеді. Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен құрылышында логикалық байланыс бар және толық аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер(қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер нақты әдістер арқылы орындалып дәлелденген, диссертацияда осыған дейінгі отандық ғалымдардың қатты қара күйеге төзімді бидай үлгілерін анықтау жұмыстары жазылған және оны өз шешімдерімен салыстыра отырып сынни талдаған. Бұрынғы зерттеулерде ауруға төзімді үлгілерді далалық зерттеу жұмыстарында дәстүрлі әдістер арқылы анықтаса, С.Б. Бакировтың зерттеу жұмысында молекулалық ПТР талдау әдісі негізінде бидай үлгілерінен қатты қара күйеге төзімді <i>Bt</i> - ген көздерін айқындалған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылама?</p> <p>1) Толығымен жаңа;</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Алғашқы рет молекулалық ПТР әдісін қолдана отырып, Алматы облысы жағдайында бидайдың <i>Tilletia caries</i></p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	(D.C.) <i>Tul</i> патогеніне төзімділік <i>Bt</i> -ген көздерін анықтаған.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылама?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижесінде келесідей деректер алынған: Қазақстанда өсіруге рұқсат етілген сорттардан қатты қара күйеге төзімді және өнімділік көрсеткіштері жоғары болғандары Жетісу, Егемен 20, Карасай, Қызылбидай, Наз, Алмалы, Мереке 75, Жалын, Қазақстан 16 және Динара. Ал <i>Tilletia caries</i> (D.C.) <i>Tul</i> патогеніне сыналған шетелдік бидай үлгілерінің молекулалық скринингі нәтижесінде Алматы облысы жағдайында тиімді деп анықталған <i>Bt8</i> , <i>Bt9</i> , <i>Bt10</i> , <i>Bt11</i> және <i>Bt12</i> гендері 02429GP-1, F08245G1, F08034G1, Ati, Bereny, Koros, Petur, Berény, Petur, Rába, Klara, Demetra, Zlatitsa, Todora, Korona, Milena, Pobeda және Sadovo-1 үлгілерінен анықталған.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ботаника, генетика-селекция, фитопатология, молекулалық биология, экология салаларына үлесін қосады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеу жұмысында нақты әдістер арқылы алғынған нәтижелер, ғылыми деректер, отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарымен салыстырған талдаулар барлық қорытындының ауқымды дәлелдемелерге негізделгенін көрсетеді.
7	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p>	<p>Корғауға ұсынылған қағидат дәлелденген. Корғауға келесідей қағидалар шығарылған. Олар:</p> <ul style="list-style-type: none"> – бірінші қағидат жасанды індептік оргада бидай үлгілерінің қатты қара күйеге төзімділігін анықтау. Дәлелдемесі танап жағдайында отандық бидай сорттарынан қатты қара күйеге 12 сорт жоғары төзімділік танытқан, 13 сорт ауруға төзімді деп ерекшеленген. – екінші қағидат бидай үлгілерінің өсіп, даму кезеңдерінде

		<p>биомасса индекс көрсеткіштерін есептей. Дәлелдемесі қазақстандық бидай сорттарының вегетация кезеңдеріндегі жоғары биомасса индекс көрсеткіштері (0,65–0,70) масақтану фазасының үлесіне тиесілі екені анықталған.</p> <p>– үшінші қағидат бидай сорттарының құрылымдық белгілерін талдау. Дәлелдемесі бидай сорттарының бір бірінен құрылымдық белгілері бойынша айырмашылықтарына, сапасын анықтайтын 1000 дән салмагына талдаулар жүргізілген. Нәтижесінде шаруашылық құнды белгісі бар деп бағаланған Жетысу сорты тәжірибелі танапта қатты қара құйге төзімділік танытқан және одан тиімді <i>Bt8</i>, <i>Bt11</i>, <i>Bt12</i> ген көздері идентификацияланған.</p> <p>– төртінші қағидат молекулалық ПТР әдісі негізінде қазақстандық және шетелдік бидай сорт-ұлгілерінен қатты қара құйеге төзімді ген көздерін идентификациялау. Дәлелдемесі зертханалық жағдайда көлденен әлтерофорез аппараты арқылы 02429GP-1, F08245G1, F08034G1, Ati, Bereny, Koros, Petur, Berény, Petur, Rába, Klara, Demetra, Zlatitsa, Todora, Korona, Milena, Pobeda және Sadovo-1 бидай үлгілерінен төзімді гендер анықталған.</p> <p>– бесінші қағидат зерттеу нәтижесінде ауруға төзімді және шаруашылық құнды белгілері жоғары болған бидай үлгілерін өндіріске етуге ұсыну. Дәлелдемесі диссертант зерттеу жұмысының нәтижесінде патогенге төзімді және өнімділігі жоғары деп іріктеп алған бидай сорттарын шаруа қожалығына ауруға қарсы сорт ретінде ұсынған және ендіру актісін қосымшаға тіркеген.</p>
	7.2 Тривиалдымса?	Қорғауға ұсынылған қағидат травиалды емес, себебі жаңаша зерттеу бағыты таңдалған.
	1) ия; 2) жоқ	
	7.3 Жаңама?	Зерттеу жұмысында заманауи ДНК маркерлік технологияның көмегімен қатты қара құйеге төзімді бидай үлгілері анықталған сондықтан алынған деректер толығымен жаңа болып табылады.
	1)иля; 2)жоқ	
	7.4 Қолдану деңгейі:	Мәліметтерді қолдану деңгейі кең және ауқымды.
	1) тар; 2) орташа; 3) кең	
	7.5 Мақалада дәлелденгенбез?	Диссертант зерттеу жұмысының нәтижелерін ғылыми базалымдарда жариялаған соның ішінде 2 мақала Web of Science Core Collection және Scopus базаларына кіретін журналдарда, 4
	1) ия; 2) жоқ	

			мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда, 2 мақала Қазақстан ғылыми журналдарында, 3 мақала КР үйімдастырылған халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдарында жариялаған.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жок	Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қолданылған әдістемелер дұрыс таңдалып алынған және әдіснама нақты жазылған. Бидайды қара күйе спорасымен залалдауда ең тиімді әдістердің бірі Борггардта-Анпилогованың әдісін тиімді пайдаланған, бидай үлгілерінің <i>Tilletia caries</i> (DC.) Tul. спораларымен залалдануын бағалауда В.И. Кривченко шкаласын қолданған, Green Seeker (Trimble Navigation Limited, USA) – аппараты арқылы өсімдіктің биомассасының индексін өлшеген, бидайдың өнімділік белгілеріне құрылымдық талдау жұмыстарын жүргізіп, статистикалық мәліметтерді көлтірген. Төзімділік ген көздерін анықтауда молекулалық ПТР талдау әдістерін қолданған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. 1) ия; 2) жок	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Алынған деректер статистикалық өңдеуден өткен. Бидай үлгілерінің өнімділік көрсеткіштерінің өзара корреляциялық байланысы анықталған. MiniTab17 бағдарламасы негізінде аурудың бидай үлгілеріне әсерінің статистикалық маңыздылығы (P-Value < 0,05) дәлелденген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылыштар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жок	Зерттеу нәтижелерінің қорытындылары нақты әдістермен дәлелденген. Зертханада бидай үлгілері Борггард-Анпилогованың әдісі негізінде <i>Tilletia caries</i> (D.C.) Tul спораларымен инокуляцияланған. Жасанды індегітік ортада қазақстандық және шетелдік бидай үлгілерінің қатты қара күйемен залалдануы В.И. Кривченко шкаласы негізінде бағаланған. Нәтижесінде бидай сорттарының ауруға жоғары төзімді (R), төзімді (MR), орташа төзімсіз (MS), төзімсіз (S) және жоғары төзімсіз (HS) топтары анықталған. Отандық және шетелдік бидай үлгілерінен <i>Tilletia caries</i> (D.C.) Tul патогенине төзімді Bt-гендері молекулалық маркерлері (Xgpw7433, FSD, RSA, Xgwm469, Xwmc749,

			Xgwm114, Xgwm264, Xgwm374) арқылы ПТР әдісі негізінде идентификацияланған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінara расталған / расталмаған	Танаптық және зертханалық зерттеулер жүргізу барысында алынған негізгі нәтижелер және жасалған мәлімдемелер нақты болып табылады, олар ғылыми әдебиетке шолу барысында сенімді дереккөздерге сілтемелермен расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттердің жалпы саны – 163. Әдебиеттер айтарлықтай жаңа және ағылшын тіліндегі рейтингі жоғары журналдарда жарияланған мақалаларға сілтемелер көрсетілген. Сонымен қатар отандық ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сілтемелер берілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы айтарлықтай теориялық маңызы бар, жоғары оқу орындары мен колledgeдерде биолог мамандардың практикасы аясында қолдануға болады. Зерттеу нәтижелерін ботаника, генетика және селекция, экология, ауыл шаруашылық пәндерінде қатты қара күйе ауруының морфологиялық белгілерін анықтау, бидай үлгілерін өнімділік белгілеріне талдау жасау, қоршаған ортага фитопатогендерің әсері және олардың алдын алу жолдарын қарастыруда теориялық білімді артыру үшін қолдануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолданудың мүмкіндігі жоғары. Докторанттың нәтижелерін шаруа қожалықтарында қатты қара күйеге тәзімді сорт ретінде өсіруге және селекция бағдарламасында <i>Tilletia caries</i> (D.C.) Tul патогеніне тәзімді донор ретінде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Автор жұмысында: 1. Қатты қара күйеге тәзімді және өнімділік көрсеткіштері жоғары болған Жетісу, Егемен 20, Карасай, Қызылбидай, Наз, Алмалы, Мереке 75, Жалын, Қазақстан 16 және Динара сорттарын өндіріске етуге ұсынған. 2. Қатты қара күйеге сыналған шетелдік бидай үлгілерінің молекулалық скринингі нәтижесінде тиімді <i>Bt8</i> , <i>Bt9</i> , <i>Bt10</i> , <i>Bt11</i> және <i>Bt12</i> гендері анықталған шетелдік үлгілерді (02429GP-1, F08245G1,F08034G1, Ati, Bereny, Koros, Petur, Berény, Petur, Rába,

			Klara, Demetra, Zlatitsa, Todora, Korona, Milena, Pobeda және Sadovo-1) иммунитет селекциясына төзімді донор ретінде қолдануға ұсынған. 3. Жұмыстың нәтижелерін оку үрдісіне «Ботаника», «Генетика және селекция», «Экология» пәндері бойынша дәріс курсына және практикалық сабакқа қолдануға ұсыныс берген. Автордың ұсынысы бидай дақылдарын аурудан қорғау және химиялық препараттарды қолдануды азайту үшін оң нәтижелер береді.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. С.Б. Бакировтың диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады.

Бакиров Серік Бакиұлының диссертациялық жұмысының ғылымилығы және жаңалығымен қоса келесі ескертулер бар:

- Мәтінде орфографиялық және стилистикалық қателер кездеседі.
- «Әдебиетке шолу» бөліміндегі докторанттың өзі аныктап ұсынған 2-суреттегі «*Tilletia caries* (D.C.) Tul. телиоспорасы» және 3-суреттегі «*Tilletia laevis* J.G. Kühn телиоспорасы», «Зерттеу нәтижелері» бөлімінде сипатталып берілуі керек.
- «Зерттеу жұмысы жүргілдіген жергілікті аймақтың климаттық жағдайына сипаттама» бөліміндегі «Кесте 9-10» әр жылдың ауа температурасы мен жауын – шашынның нормадан ауытқуы мәліметтерін бір кестеде де келтірсе болады және оның графигі ұсынылмаған.

Бұл келтірілген ескертпелер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді.

Шешім: С.Б. Бакировтың 8D05101 – «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша «Қазақстанның оңтүстік – шығыс жағдайларына бейімделген бидайдың қатты қара күйеге (*Tilletia spp.*) төзімді генотиптерін идентификациялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің ережесіне толықтай сәйкес келетін жұмыс. Бакиров Серік Бакиұлына 8D051 – Биология және сабактас ғылымдар (6D060700 / 8D05101 – Биология) бағыттары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ресми рецензент

«Ж. Жиенбаев атындағы ҚазФҚФЗИ» ЖШС
жетекші ғылыми қызметкері,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты



Султанова Надира Жумахановна